



QORJYNTÜBEK JARŞYSY

2022 жылдың 9 шілдеден
бастап шығады

№ 14/14
8 қазан

Облыстық апталық ақпараттық-жарнамалық газет



www.instagram.com/qorjyntubek_jaršysy



E-mail: priogazeta@mail.ru

ЖАҢАЛЫҚТАР

Президент Қарағанды облысының жұртшылығымен кездесті

Мемлекет басшысы Қарағанды жұртшылығымен кездесуінде облыстың тыныс-тіршілігімен танысып, нақты мәселелерді талқылау үшін арнайы келгенін атап өтті. Сондай-ақ өңірдің тарихы мен ел руханиятында алатын орны туралы айтты.

– Қарағанды табиғи байлығымен қазыналы деп аталмағаны анық. Сарыарканың дәл жүрегінде орналасқан аймақтық тарихи, рухани қазынасы да орасан зор. Талай тарихи оқиғаның куәсі болған шежірелі аймақтан қазақтың көптеген біртуар тұлғалары шыққан. Қарағанды – Әлихан Бөкейхан, Жақып Ақбаев, Әлімхан Ермеков сияқты Алаш арыстары дүниеге келген қасиетті жер. Сондай-ақ, Төттімбет күй толғап, Мәди ән салған қазақ өнерінің киелі бесігі. Сәкен Сейфуллин, Ғабиден Мұстафин, Қасым Аманжолов сынды әдебиетіміздің алыптары да осы қастерлі топырақтан шыққан. Облыс аумағында тамаша табиғатымен көз тартатын жерлер көп. Қарқаралы мен Шайтанкөл, Бектау ата және Бұғылы-Тағылы таулары қашанда қазақтың құтты мекені саналған. Жерінің үсті мәдени жәдігерге, асты қазба байлыққа толы өлкенің еліміз үшін айрықша орны бар, – деді Мемлекет басшысы.

Президент Қарағанды облысындағы тау-кен және металлургия өнеркәсібі еліміздің экономикалық әлуетін дамытуда айрықша орын алатынын, мұнда республикадағы мыстың тең жартысы, көмірдің үштен бірі, болаттың 85 пайыздан астамы өндірілетінін айтты.

– Облыс еліміздің өнеркәсіп секторында жетекші орынға ие. Аймақ

қарқынды дамып келеді және экономиканың барлық саласы бойынша тұрақты өсім көрсеткішін сақтап отыр. Біз «қуатты өңірлер – қуатты ел» қағидатын нақты ұстанып келеміз, – деді Мемлекет басшысы.

Президент өз сөзінде шахтерлер Азаматтық кодекстің регрестік және зейнеткерлік төлемдер бөлігіне түзету енгізу қажеттігін біраз уақыттан бері айтып келе жатқанына тоқталды.

– Адамдардың талап-тілектерін жақсы түсінемін. Бұл – зейнеткерлік және салық жүйелерін, сондай-ақ әлеуметтік қамсыздандыруды өзгертуге қатысты өте күрделі мәселе. Бұл мәселені әріптестеріңіздің, жолдастарыңыздың, экономиканың басқа да қауіпті салаларында еңбек ететін жұмысшылардың және жалпы қоғамдағы барлық топтардың мүддесін ескере отырып, мұқият қарастыру керек. Үкіметтің белгілі бір әзірлемелері бар. Келесі жылдың басында Үкімет маған нақты ұсыныстар береді, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев облысты сумен қамтамасыз ету және ауыл шаруашылығын дамыту өзекті мәселе екенін айтты. – Облыстағы 176 ауылда таза су жоқ. Биыл 37 елді мекенге таза су беріледі. Басқа ауылдарды көп сзбай сумен қамту қажет. Соңғы жылдары Балқаш көлі күрт тартылып барады. Еліміздің орталығын сумен қамтамасыз ететін Сәтбаев каналының техникалық жағдайы мәз емес. Білікті мамандармен бірлесіп, осы екі мәселені мұқият зерттеуді тапсырамын, – деді Мемлекет басшысы.

akorda.kz

Тоқаев соответствует требованиям к кандидатам в президенты - ЦИК



В Центральной избирательной комиссии заявили, что Касым-Жомарт Тоқаев соответствует требованиям, предъявляемым к кандидатам в президенты, передает корреспондент Tengrinews.kz. «Установить, что кандидат в пре-

зиденты Тоқаев Касым-Жомарт Кемелұлы соответствует предъявляемым к нему Конституцией и конституционным законом «О выборах» требованиям. Выдать в необходимом количестве подписные листы для сбора подписей в поддержку кандидата», – говорится в постановлении ЦИК.

На заседании ЦИК пояснили, что у правоохранительных органов также нет замечаний касательно кандидата.

Отметим, согласно закона, действующему Президенту нет необходимости сдавать экзамен на знание государственного языка.

Напомним, внеочередные президентские выборы в Казахстане пройдут 20 ноября 2022 года.

Tengrinews.kz.

Президент Қарағанды облысының тұрғындарымен кездесу барысында негізгі мәселелерге тоқталды



Мемлекет басшысы облыстың спорт саласындағы жетістіктеріне тоқталып, спорт инфрақұрылымын кешенді түрде дамытуға мән берілуі қажет екенін айтты. Қоғамдық спортты дамытуға атүсті қарауға болмайды. Облыс орталығында, шағын қалаларда, аудандар мен ауылдарда жұрттың спортпен айналысуына барынша жағдай жасау керек.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қарағандының қарқынды дамып келе жатқанын атап өтіп, қаланы одан әрі тұрақты дамыту үшін қосымша жылу көздері қажет екенін айтты. Осы ретте Үкіметке Қарағанды қаласының үшінші жылу желісінің құрылысына қажетті қаражатты шұғыл бөлуді тапсырды.

Сонымен қатар Президент жергілікті әкімдікке ЖЭС-тің жаңа күл

төгу орнын жобалаған кезде, қала тұрғындарының пікірін ескеруді, үлескерлер мәселесін шешуді, теміржол жолдары мен өндіріс аймақтары бөліп жатқан қаланың сөнін келтіріп, ажарын ашу үшін қаланың жаяу жүргіншілер инфрақұрылымы мен жасыл желегіне көңіл бөлуді тапсырды.

– Қарағанды еліміздің индустриалық локомотиві әрі білім мен мәдениет орталығы ретінде тұрғындарға әлдеқайда қолайлы қалаға айналуға тиіс. 2007 жылдан бері келе жатқан қаланың Бас жоспары әбден ескірді. Оны урбанистердің озық идеялары мен жұртшылықтың пікірін ескеріп, жаң-жақты жаңарту керек, – деді Мемлекет басшысы.

Бұл ретте Президент азаматтарды шешім қабылдау процесіне араластырмай, тұрақты даму болмайтынын ескертті. Азаматтар қоғамдық кеңестер арқылы әлеуметтік проблемаларды көтеруге, жұртшылықтың мүддесін қорғауға белсенді араласуға тиіс. Азаматтардың мемлекеттік басқаруға белсенді қатысуы Әділетті Қазақстанды құрудың алғышарты болмақ.

akorda.kz

БҰЛ ӘЛЕМДЕ ШЕКТЕУ ЖОҚ



Бүгінгі мақаламыз жерлесіміз Кошанова Бахиткул Топарбайевна туралы болмақ. Бахиткул Топарбайевна Қарағанды облысы, Сары-шаған кентінің тумасы. Өзі 1 топ мүгедектігіне қарамастан спортпен шұғылданып, ұзақ еңбек етіп, өз ерік - жігерінің арқасында Алматы қаласында өткен Пауэрлифтингтен Әлем Чемпионатында, әлем Чемпионы атағын

иеленді. Бахиткул Топарбайевнаны осындай керемет марапатымен құттықтап, ол кісіге зор денсаулық, қажымас қайрат тілеп, өмірде де спортта да жеңістері көп болсын деген ізгі тілегімізді тілейміз.

Приозерск қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі мемлекеттік мекемесі.

Банкроттық рәсімі туралы не білу қажет?

Қарыз алушылардың төлем қабілетсіздігін реттеу, оларды оналту мақсатында Қазақстанда Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Заң жобасы әзірленді, ол қазіргі уақытта ҚР Парламенті Мәжілісінің қарауында жатыр.

Аталған Заң жобасы халықаралық тәжірибені ескерумен азаматтар үшін банкроттық рәсімдерінің үш түрін көздейді.

FinGramota.kz-ке олар жөнінде ҚР Қаржы министрлігінің Берешекпен және дәрменсіз борышкерлермен жұмыс басқармасы басшысының орынбасары Сисембаева Меруерт Қабырашитқызы неғұрлым толығырақ айтып берді.



FinGramota
Халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру

Бірінші рәсім – соттан тыс банкроттық

Азаматтар аталған рәсімді мынадай талаптар сақталған жағдайда қолдана алады:

- егер екінші деңгейдегі банктер, микроқаржы ұйымдары (МҚҰ) және коллекторлар алдындағы қарыз 4,9 млн теңгеден (1600 АЕК) аспаса;
- егер ресми табыс болмаса немесе табысы асырауындағыларды (отбасы мүшелерін) қосалғанда, ең төмен күнкөріс деңгейінен 36018 теңгеден (2022 жылға) аспаса.

Соттан тыс банкроттықты тек банктер, МҚҰ және коллекторлық агенттіктер алдындағы қарыздар бойынша қолдануға болады. Бұл үшін борышкер кредиторлармен реттеу рәсімін өткізуі қажет. Бұл ретте, борышкердің мәшкікті мүлкі болмауға тиіс.

Борышкерге қатысты бірінші рәсімді қолдану туралы мәліметтер «электрондық үкіметтің» веб-порталында орналастырылатын болады. Борышкер жөніндегі ақпарат барлық кредиторлар үшін 6 ай бойы қол жетімді болады.

Егер көрсетілген кезең ішінде борышкердің мәшкігінде мүлік пайда болса немесе оның мүлкі жағдайы өзгеше түрде айтарлықтай өзгерсе, борышкер соттан тыс банкроттық рәсімін тоқтату туралы өтініш жасауға міндетті.

Кредиторға, сондай-ақ уәкілетті органға осындай өтінішпен жүгіну құқығы беріледі.

Екінші рәсім – сот банкроттығы

Бұл рәсімді борышы 4,9 млн теңгеден асатын азаматтар қолдана алады. Борышкердің мүлкі болған жағдайда, ол сауда-саттықта сатылуға жатады. Түскен қаражат белгіленген кезектілікке сәйкес кредиторлар алдындағы борышты өтеуге жіберіледі.

Сот банкроттығы рәсімі аяқталғаннан кейін сот қаржы басқарушысының, яғни төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы рәсімдерін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын тұлғаның қорытындысын бекітеді. Сондай-ақ, осы қорытындының негізінде сот азаматты борыштан босату немесе босатпау туралы шешім қабылдайды.

Үшінші рәсім – төлем қабілеттілігін қалпына келтіру

Ол тұрақты кіріс болған жағдайда сотта борышты бөліп төлеуді (5 жылға дейін) алу мүмкіндігін көздейді. Қалпына келтіру жоспары қаржы басқарушысымен, яғни төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттық рәсімдерін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын тұлғамен бірлесіп әзірленеді. Бұл жоспар сотта бекітіледі. Ол үшін екі тараптың – борышкер мен кредитордың келісімі қажет.

Білу маңызды! Заң жобасында банкроттықтан кейін туындауы мүмкін салдар қарастырылған:

- 1) заң жобасында 5 жыл ішінде қарыздар мен кредиттер алуға шектеу көзделген;
- 2) азаматтар банкроттықты 7 жылдан кейін ғана қайта қолдана алады;
- 3) банкроттықтан кейін 3 жыл ішінде банкроттың қаржылық жағдайына мониторинг жүргізу қарастырылған.

Банкроттық туралы заң жобасында тағы нелер қарастырылған?

Заң жобасы борышкерлер жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтар мен заңды күшіне енген сот үкімдеріне байланысты қылмыстық іс-әрекетпен келтірілген залалды өтеу борышы бар борышкерлер санатына қолданылмайтын болады.

Бұдан басқа, өзінің қаржылық жағдайы туралы жалған ақпарат ұсынған, өз мүлкі туралы ақпаратты жасырған жеке тұлғаларға, борышкердің қарыз қаражатын мақсатсыз пайдалану фактісін соттың анықтауы сот үшін борышкерге қатысты банкроттық рәсімін қолданбауға негіз болып табылады.

Сондай-ақ, заң жобасында азаматтардың банкрот деп танылған күннен бастап бір жыл ішінде қаржылық сауаттылықты арттыру курстарынан міндетті түрде өтуі көзделген.

FinGramota.kz!-пен бірге қаржылық сауатты болыңыз!

Что нужно знать о процедуре банкротства?

В целях регулирования неплатежеспособности заемщиков, их реабилитации в Казахстане, по поручению Главы государства, разработан проект Закона «О восстановлении платежеспособности и банкротстве граждан Республики Казахстан», который в настоящее время находится на рассмотрении Мажилиса Парламента РК.

Данный проект Закона предусматривает три вида процедур банкротства для граждан, которые разработаны с учетом международного опыта.

Подробнее о них FinGramota.kz рассказала Меруерт Сисембаева, заместитель руководителя Управления по работе с задолженностью и несостоятельными должниками Министерства финансов РК.



FinGramota
Повышение финансовой грамотности населения

Первая процедура – внесудебное банкротство

Граждане смогут применить данную процедуру при следующих условиях:

- если долг перед банками второго уровня, микрофинансовыми организациями (МФО) и коллекторами не превышает 4,9 млн тенге (1600 МРП);
- если отсутствует официальный доход или доход не превышает прожиточный минимум, включая иждивенцев (членов семьи) – 36 018 тенге (на 2022 год).

Внесудебное банкротство можно применить исключительно по долгам перед банками, МФО и коллекторскими агентствами. Для этого должнику необходимо провести процедуру урегулирования с кредиторами. При этом у должника не должно быть собственного имущества.

Сведения о применении в отношении должника первой процедуры будут размещаться на веб-портале «электронного правительства». В течение 6 месяцев информация о должнике будет доступна для всех кредиторов.

Если в течение указанного периода в собственность должника поступило имущество или иным образом существенно изменилось его имущественное положение, должник обязан обратиться с заявлением о прекращении процедуры внесудебного банкротства.

Кредитору, а также уполномоченному органу предоставляется право обращения с аналогичным заявлением.

Вторая процедура – судебное банкротство

Данную процедуру смогут применить граждане по долгам свыше 4,9 млн тенге. В случае наличия имущества должника, оно подлежит реализации на торгах. Вырученные средства направляются на погашение долгов перед кредиторами в соответствии с установленной очередностью.

По окончании процедуры судебного банкротства суд утверждает заключение финансового управляющего, то есть лица, которое осуществляет деятельность по проведению процедур восстановления платежеспособности и судебного банкротства. И на основе данного заключения суд принимает решение об освобождении или не освобождении гражданина от долгов.

Третья процедура – восстановление платежеспособности

Она предусматривает возможность получения в суде рассрочки на оплату долгов (до 5 лет), при наличии стабильного дохода. План восстановления разрабатывается совместно с финансовым управляющим, то есть лицом, который будет осуществлять деятельность по проведению процедур восстановления платежеспособности и банкротства. Данный план утверждается в суде. Для этого нужно согласие обеих сторон – должника и кредитора.

Важно знать! Законопроектом предусмотрены последствия, которые могут возникнуть после банкротства:

- 1) законопроектом предусмотрено ограничение на получение займов и кредитов в течение 5 лет;
- 2) повторно применить банкротство граждане смогут только через 7 лет;
- 3) предусмотрено проведение мониторинга финансового состояния банкрота в течение 3 лет после банкротства.

Что еще предусматривает законопроект о банкротстве?

Законопроект не будет распространяться к категории должников, которые в силу совершенных ими уголовных правонарушений и вступивших в законную силу приговоров суда имеют долг возмещения причиненного уголовным преступлением ущерба.

Кроме того, физическим лицам, предоставившим ложную информацию о своем финансовом положении, сокрытии информации о своем имуществе, установление судом факта нецелевого использования должником заемных средств является основанием для суда не применять процедуру банкротства в отношении должника.

Также законопроектом предусмотрено обязательное прохождение гражданами курсов повышения финансовой грамотности в течение года со дня признания их банкротом.

Будьте финансово грамотны вместе с FinGramota.kz!

Қарағанды облысы бойынша мемлекеттік қызмет істері агенттігі департа- ментінің өкілеттіктері мен қызметі

Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік - процесстік кодексінің 40 - бабына сәйкес мемлекеттік органның мәртебесі мен өкілеттіктері Мемлекеттік орган туралы ережеде айқындалады.

Осылайша, әрбір мемлекеттік органның өкілеттіктері олардың ережелерімен нақты анықталған.

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті өз кезегінде Ережеге сәйкес, белгіленген құзыреті шегінде мемлекеттік қызмет саласындағы іске асыру және бақылау функцияларын, мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің мемлекеттік қызмет өткеруін, мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызмет туралы заңнаманы, сондай-ақ мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдепті сақтауын бақылауды, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалауды және мемлекеттік бақылауды, сондай-ақ «Қазақстан Республикасындағы Мемлекеттік қызмет туралы» заңда көрсетілген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Департаментке сыбайлас жемқорлық қылмыстар мен құқық бұзушылықтар фактілері, коммуналдық қызметтер мәселелері және жер учаскелерін беруге қатысты өзге де мәселелер, білім беру және денсаулық сақтау мәселелері бойынша өтініштер жиі түседі. Дегенмен, оларды қарау Департаменттің құзыретіне кірмейді.

Бұла арада, Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 13 маусымдағы №12 Жарлығымен Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Мемлекеттік қызмет істері агенттігі болып, ал Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Ұлттық бюросы (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі болып қайта құрылғанын назарларыңызға жеткіземіз.

Осылайша, бүгінгі күні Департамент сыбайлас жемқорлық көріністерінің фактілері көрсетілген өтініштерді қарауға уәкілетті емес, тиісінше аталған мәселелер бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаментіне (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) жүгіну қажеттігін хабарлаймыз.

Сондай-ақ, мемлекеттік органдар мен өтініш берушілер тарапынан Департаменттің құзыретіне жатпайтын мәселелер бойынша өтініштерді жолдау жағдайлары жиі кездеседі. Өз кезегінде, аталған өтініштер мәні бойынша қарастыру үшін уәкілетті органдарға қайта жолданады.

Бұл, тиісінше мемлекеттік аппарат институтына теріс әсер етіп, азаматтардың уақытын алып, негізделген шағымдардың туындауына әкеп соғуы мүмкін.

Сондықтан, әрбір мемлекеттік орган өтініштер келіп түскен кезде мемлекеттік органдардың функциялары мен өкілеттіктерін нақты басшылыққа алып, өтінішті тиісті

уәкілетті мемлекеттік органдарға қайта жолдау туралы, ал егер өтініште көрсетілген мәселелерді толық көлемде қарау және олар бойынша заңды шешімдер қабылдау мемлекеттік органның құзыретіне кіретін болса, тиісті шешімдер қабылдауы қажет.

Сонымен қатар, Департаментке Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексіне сәйкес ҚР ӘҚБтК бірқатар баптары бойынша хаттама жасау құқығы берілген.

Тәжірибе көрсетіп отырғандай, бос мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасуға конкурстық іріктеу рәсімдері бұзылуға неғұрлым бейім, оларды сақтамағаны үшін ҚР ӘҚБтК 99 - бабы 1 - бөлігінің санкциясы лауазымды адамдарға он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде әкімшілік айыппұл салуға әкеп соғады.

Сонымен қатар, Департаменттің бақылау функцияларының бірі - мемлекеттік органдармен көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын бақылау болып табылады. Келіп түскен шағымдарды талдау негізінен арыздар сәулет, жер қатынастары және ауыл шаруашылығы салаларына қатысты екендігін көрсетіп отыр.

Барлық шағымдар бойынша Департамент қандай да бір мәселені егжей-тегжейлі зерделеу арқылы шаралар қабылдайды және көрсетілетін қызметті берушілер тарапынан негізсіз бас тарту шығарылған жағдайда, Департамент көрсетілетін қызметті алушылардың бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіру бойынша шаралар қабылдайды.

Осыған байланысты, егер сіздің құқықтарыңызға нұқсан келтірілді деп пайымдасаңыз, атап айтқанда: конкурстық рәсімдер бұзылса, мемлекеттік әкімшілік лауазымнан заңсыз босатса, егер сіздің қызмет алушы ретіндегі, құқығыңыз бұзылса, сондай-ақ мемлекеттік қызмет туралы заңнаманы және қызметтік әдеп нормаларын бұзудың өзге де мәселелері бойынша бұзушылықтар болса, Сіз өз құқығыңыз бен заңды мүдделеріңізді қорғау үшін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментіне (Қарағанды қаласы, Н. Назарбаев, 39) өтініштерді қабылдау және өңдеудің «E-Otinish» платформасы, «Egov.kz» электронды үкімет порталы арқылы өз шағымныңызды қағаз нұсқада, сондай-ақ электронды нұсқада жүгінуге құқылысыз.

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің Мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау басқармасының бас маманы М.Умуркулов

Мүгедектігі бар адамдар күніне орай...

Жыл сайын қазан айының екінші жексенбісінде Қазақстан Республикасында Мүгедектігі бар адамдар күні атап өтіледі. Ол көмекке мұқтаж адамдардың тағдырына бей-жай қарамайтындардың, қандай жағдай болмасын, өмірде сенімді, рухы мықты адамдардың барлығын біріктіреді. Бүгін мереке қарсаңында «Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ басшысының м.а. А. Литош, үйде күтім көрсету жағдайында арнаулы әлеуметтік қызметтер алатын 6 мүгедектігі бар адамдар мен балаларды құттықтады. Біздің жерлестеріміз қиындықтарға қарамастан, ауруға қарсы тұра отырып, белсенді өмір сүріп, сүйікті ісімен айналысады.



Мүмкіндігі шектеулі жандардың арасында біздің қалада жоғары нәтижелер мен жеңістерге қол жеткізген тамаша суретшілер, әншілер мен спортшылар, сондай-ақ қаланың қоғамдық-саяси өміріне белсенді қатысатын азаматтар бар. Бүгін осы жарқын күнде қала әкімінің орынбасары С.Бейсекеев, 4 мүмкіндігі шектеулі жанды қала әкімі С. Сатаевтың құрмет грамоталары мен алғыс хаттарын тапсыруымен салтанатты түрде құттықтады. Бұл күні Сіздерге ең бастысы – зор денсаулық пен қуаныш тілейміз, өмірге деген құштарлықтарыңызды жоғалтпай, қиындыққа мойымай, туыстарыңызбен мен жақындарыңыздың қолдауына сүйеніп, қол ұшын созуға дайын адамдардың барлығының көмегін қабылдай біліңіздер.

Баршаныңызға, жақсылық пен бейбітшілік тілейміз.

Ежегодно второе воскресенье октября в Республике Казахстан отмечается День лиц с инвалидностью. Он объединяет всех, кто неравнодушен к судьбам нуждающихся в помощи, кому небезразличны эти сильные духом люди, умеющие, несмотря ни на что, уверенно идти по жизни.



Сегодня в преддверии праздника и.о. руководителя ГУ «Отдел занятости и социальных программ г.Приозерск» А. Литош поздравила на дому 6 лиц и детей с инвалидностью, которые получают специальные социальные услуги в условиях ухода на дому. Несмотря на трудности, наши земляки не просто умеют жить, сопротивляясь болезни, а ведут активную деятельность, занимаются любимым делом. Среди людей с ограниченными возможностями у нас в городе есть прекрасные художники, певцы и спортсмены, добившиеся высоких результатов и побед, а так же все те, кто активно участвует в общественно-политической жизни города. И сегодня в этот светлый день заместитель акима города С. Бейсекеев торжественно поздравил 4 лица с ограниченными возможностями с вручением почетных грамот и благодарственных писем от имени акима города С. Сатаева. В этот день мы хотим пожелать лицам с ограниченными возможностями главное - сохранять жизненный стимул, не унывать и радоваться, опираясь на поддержку родных и близких, принимать помощь всех, кто повинуюсь велению сердца, готов встать рядом.

Желаем всем добра и мира, оптимизма и веры в себя!

Приозерск қаласының жұмыспен қамту орталығы

Вниманию кандидатов в Президенты Республики Казахстана

В соответствии со ст. 28 Конституционного закона "О выборах в Республике Казахстана" редакция областной газеты "QORJYNTÜBEK JARŞYSY" ИП "Исатай М.А." доводит до сведения, что все кандидаты в Президенты РК и их доверенные лица в рамках предвыборной агитации имеют право опубликовать в газете свои предвыборные агитационные материалы.

Стоимость 1 кв. см площади в газете "QORJYNTÜBEK JARŞYSY" составляет 200 тенге без НДС.

Государство гарантирует кандидатам равное выделение средств на публикацию в местных периодических изданиях двух статей в объеме не более 0,1 печатного листа (или 540 кв. см). Основанием для предоставления газетной площади кандидатам в Президенты РК является письменное заявление на имя руководителя средства массовой информации.

Напоминаем, что публикации в средствах массовой информации, содержащие предвыборную агитацию кандидатов в Президенты, должны содержать информацию об источниках финансирования.

Борьба с коррупцией – гражданский долг каждого человека

В течение всего обозримого исторического периода развития человечества деятельность государственного аппарата повсеместно сопровождалась таким негативным системным явлением, как коррупция. Массовые коррупционные проявления ослабляли эффективность функционирования государственного механизма, нарушая нормальное функционирование публичной власти и создавая дополнительные препятствия возникновению и развитию легальных общественных отношений. Коррупцию не удалось окончательно искоренить еще ни в одном обществе. Тем не менее борьбу с этим явлением необходимо вести, так как проявления коррупции являются незаконными, следовательно преступными. Сегодня коррупция представляет собой реальную угрозу нормальному функционированию публичной власти, верховенству закона, демократии, правам человека и социальной справедливости.

В Казахстане работа по борьбе с коррупцией ведется повсеместно на всех

уровнях государственного аппарата. В рамках совершенствования Казначейской системы в Стратегическом плане Министерства финансов было предусмотрено и успешно реализовано внедрение электронного документооборота с государственными учреждениями посредством информационной системы «Казначейство-Клиент». Целью ИС «Казначейство-Клиент» является повышение эффективности взаимодействия Казначейства с обслуживаемыми государственными учреждениями. Это позволило ускорить процедуры предоставления услуг государственным органам, а также свести к нулю все возможные предпосылки для проявления каких-либо коррупционных факторов. Во-первых, работа в ИС «Казначейство-Клиент» исключает физический контакт между работником казначейства и представителем государственных учреждений, во-вторых, как уже говорилось ранее существенно сократилось время обработки финансовых документов – от трех дней до шести часов.

Отправляя документ в казначейство, работник государственного учреждения уверен, что этот документ будет обработан в течении нескольких часов, ему не надо беспокоиться о скорейшем его продвижении. В нашем городе к ИС «Казначейство-Клиент» подключены все государственные учреждения – клиенты Приозерского городского управления казначейства. В Приозерском городском управлении казначейства также ведется работа согласно утвержденному Плану мероприятий по противодействию коррупции Департамента казначейства по Карагандинской области Комитета казначейства Министерства финансов Республики Казахстан. В управлении функционирует телефон доверия. С работниками управления на регулярной основе проводятся занятия по изучению антикоррупционного законодательства.

Борьба с коррупцией – это дело не только определенных государственных органов, это дело всего общества и гражданский долг каждого человека.

Каждый должен понимать, что проявляя равнодушие или потакая тем лицам, которые ради своей выгоды готовы нарушить не только морально-этические нормы, но и закон, в итоге становится соучастником этого незаконного деяния. Скольких бед можно было бы избежать, если бы везде соблюдались все прописанные нормы – не рушились бы новенькие многоквартирные дома; из учебных заведений выпускались бы действительно квалифицированные специалисты, знающие свое дело и в теории, и на практике; не было бы плохих дорог; не гибли бы люди на дорогах; преступники не разгуливали бы на свободе. Перечислять можно долго, потому что коррупция может проявиться в любой сфере. Наша общая цель – не дать возможности процветать коррупции, искоренить ее из нашего общества раз и навсегда.

*Заместитель руководителя
Приозерского городского
управления казначейства
С.У. Каленов*

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН - АЛУ БАСТЫ МІНДЕТ

Жалпы, сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу кез келген қоғам мен мемлекет үшін ерекше мәселе. Себебі, бұл кәуіпті құбылыс тұтастай алғанда ұлттық қауіпсіздікке қатер төндіреді. Жеке адамдар мұндай келеңсіз жағдайға тап келсе, әрине, ең әуелі сенімін жоғалтады. Ал, сенім жоғалған жерде бәрі де жоғалады. Сондықтан, қоғам үшін жемқорлық әр уақытта да індет, ал, оны жою – барша адам үшін міндет болып саналады. Сонда ғана келеңсіздіктерді түбірімен жоюға болады.

Елімізде 2015 жылы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды (бұдан әрі-Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Заң). Бұған дейін, яғни 1998 жылдан бастап «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң қолданыста болған.

Сыбайлас жемқорлық дегеніміз не? Бұл – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функ-

цияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу.

Анығын айтқанда, қызмет бабын пайдаланып, заңға қарсы әрекет жасау. Әлбетте, сыбайлас жемқорлықтың көріністерін тек парақорлыққа әкеп тіреу дұрыс болмас. Белгілі бір лауазымды адамдар өзінің қызмет бабын асыра пайдалана отырып, әлгіндей теріс іс-әрекеттерге баратын болса, сөз жоқ, мемлекеттік билікке көлеңке түсіреді.

Оның бергі жағында заң алдында жауап беруіне тура келеді. Жұртшылық алдында осындай қоғамға жат іс-әрекеттермен өзінің жинап-терген абырой-беделін жоғалтқан шежуінікі кімге өнеге бола қойсын? Құқықтық тұрғыдан алғанда заңсыз әрекеттер алдында әркім де жауап береді. Сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қайшы, кінәлі түрдегі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік) үшін заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген.

Қазір пара алушылар ғана емес, пара берушілер де жазаланады. Әрдайым қызмет бабында теріс әрекеттер жасайтын адамдардың жең ұшымен қол жалғастырып, заңсыз пайда табуға іші тартып тұруының астарында заңды айналып өту үшін пара беретіндердің әрекеттері де көрінбей қалмайды.

Ең бастысы, әр адам өз құқын қорғай білуі керек. Бұл жөнінде заңнамада толық айқындалған. Өкінішке орай, кейде жекелеген адамдар-

дың өздері теріс іс-әрекеттердің орын алуына себепкер болып жатады. Сондықтан да құқықтық біліктілік пен мәдениет, заңды сыйлау – бірінші кезекте тұруы тиіс.

Ендеше, қазір қоғамда көп айтылып жүрген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл – баршаның ортақ ісі болуға тиіс.

Өз кезегінде, әскери қызметкерлер тарапынан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық іс-әрекеттерін жасауларына куә болған жағдайда, Приозерск гарнизоны әскери прокуратурасының 8 (71039) 54054 сенім телефонына хабарлауларыңызды сұраймыз.

*Приозерск гарнизоны
әскери прокуратурасының
аға прокуроры әділет капитаны
Д.Е. Нұрмұхан*

ҚР Президенттігіне үміткерлердің назарына!

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық заңның 28-бабына сәйкес "ЖК Исатай М.А." облыстық-ақпараттық "QORJYNTÜBEK JARŞYSY" газетінің редакциясы президенттікке үміткерлер мен олардың өкілетті тұлғаларының барлығы сайлауалды үгіт-насихат аясында өздерінің сайлауалды үгіт-насихат материалдарын жариялауға құқығы бар екенін хабарлайды. "QORJYNTÜBEK JARŞYSY" газетінде **1 шаршы см көлемінің құны 200 теңге.** Мемлекет барлық үміткерлерге жергілікті баспасөз беттерінде 0,1 баспа парағынан көп емес (немесе 540 шаршы см) көлемінде екі мақаланы жариялауға тең қаражат бөлуге кепілдік береді. Бұқаралық ақпарат құралы басшысы атына жасалған жазбаша өтініш президенттікке үміткерлер үшін негіздеме болып табылады.


Президенттікке үміткерлердің бұқаралық ақпарат құралдарындағы сайлауалды үгіт-насихаты бар жарияланымдарында қаржыландыру көзі туралы ақпарат болуы керектігін естеріңізге саламыз.

Наследственное дело

После смерти Микрюкова Сергея Петровича 15.02.1961 года рождения, умершего 19 апреля 2022 года, открыто наследственное дело. Имеющим наследникам обращаться к нотариусу

Ахметову Р.Б., по адресу г. Приозерск ул. Кисунько д. 1 Б тел.87751627005

*Частный нотариус г. Приозерск
Ахметов Р.Б.*



Құрметті қала тұрғындары!

"QORJYNTÜBEK JARŞYSY" газеті арқылы қалада атқарылып жатқан жұмыс тарға сын ескертпелер, арыз, шағымдарыңыз, ұсыныстарыңыз болса біздің электрондық поштамызға (Priogazeta@mail.ru) жазсаңыздар болады. Біз өз тарапымыздан жергілікті атқарушы органдармен аталған мәселелердің оң шешілуіне көмек көрсетеміз.

Электрондық почта: priogazeta@mail.ru

Таралымы: 500 дана

Жарнама бөлімі: +7-707-345-79-35

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

Меншік иесі: "ИП Исатай М.А."
Бас редактор: Исатай М.А.
Техникалық редактор: Исатай М.А.
Редакция мекен-жайы: Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, 101100, Женіс Бульвары, 38а, 5.
Газет Қарағанды қаласы, Сәтпаев көшесі 15, "Арко" ЖШС-де басылды.
Тапсырыс №14/14, Таралымы:500 дана, пішімі: А3

Анықтама телефондары: +7-707-345-79-35
Жарнама бойынша: +7-707-345-79-35
Электрондық почта: priogazeta@mail.ru
"Қазпошта" бөлімшелерінде жазылу индексі:66363

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркеуден өтіп, 2022 жылғы 27 маусымда №86VPY00051152 куәлігі берілді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Суреттер интернеттен және архивтардан алынды. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарылмайды. Газет әр аптаның сенбі күні шығады.